

ӘОЖ 347.65/.68

С.С. Елеуова

І. Жансүгіров атындағы ЖМУ, құқықтану мамандығының 2-курс магистранты,  
Қазақстан, Талдықорған қ.  
E-mail: sahana\_es@mail.ru

### Қазақстандық мұрагерлік құқық

Өсиет бойынша мұрагерлік Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің 1046-бабына сәйкес: азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады. Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады. Өсиетті өзі жасауға тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді. Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсынылу құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына қолданылмайды. Мұра қалдырушы кез келген мүлік туралы өкімді қамтитын өсиет жасауға құқылы.

**Түйін сөздер:** өсиет бойынша мұрагерлік, өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді, мұрадан айыру – оның ұсынылу құқығы.

S.S. Eleuova

### Kazakhstan inheritance is right

Under the Law of PK ст 1046. Will of citizen confesses a testament at the direction belonging to him property in case of death. A testament is accomplished by a citizen possessing in the moment of his feasant a capability in full. A citizen can bequeath all property or part of him one or to a few persons, as entering, so not included in the circle of heir-at-laws, and also to the legal entities and state. A testament must be accomplished personally. The feasant of testament through a representative is shut out. Testament with a condition Testator is right to stipulate the receipt of inheritance a certain condition in relation to the pattern of behaviour of heir. The terms plugged in an order about setting of heir or privation of succession of rights are invalid. The terms that is unexecutable for a heir on the state his health or by virtue of another objective reasons plugged in a testament can be confessed by invalid on a lawsuit a heir.

**Keywords:** Testament with a condition, accomplished, The terms that is unexecutable for.

С.С. Елеуова

### Казахстанское право наследства

В соответствии с Законом РК ст 1046, завещанием признается волеизъявление гражданина по распоряжению принадлежащим ему имуществом на случай смерти. Завещание совершается гражданином, обладающим в момент его совершения дееспособностью в полном объеме. Гражданин может завещать все свое имущество или часть его одному либо нескольким лицам, как входящим, так и не входящим в круг наследников по закону, а также юридическим лицам и государству. Завещание должно быть совершено лично. Совершение завещания через представителя не допускается. Завещатель вправе без объяснения причин лишить наследства одного, нескольких или всех наследников по закону. Включенные в завещание условия, которые невыполнимы для наследника по состоянию его здоровья или в силу иных объективных причин, могут быть признаны недействительными по иску наследника.

**Ключевые слова:** гражданин может завещать все свое имущество, наследодатель вправе совершить завещание, наследодатель свободен отменять и изменять.

Біздің жыл санауымызға дейінгі (б.ж.д) 16-9 ғасырларда мұрагерлік құқығының оның ішінде заңды мұрагерлік және өсиет бойынша мұрагерлік деген ұғымның болғандығын растайтын дәлелдер Ежелгі Мысыр ескерткіштерінен табылған [1]. Бұл ескерткіштерден мұра қалдырушы өзінің заңды мұрагерін белгілі себептер болған жағдайда мұрадан шектей алатындығын көруге болады. Мұнда бірінші дәрежелі мұрагерлер – мұра қалдырушының балалары болмаған жағдайда екінші дәрежедегі заңды мұрагерлері – бауырлары арасында мұра тең бөлінген. Құл иеленушілік кезеңінде ең дамыған мұрагерлік құқығы б.ж.д 6-шы ғасыр мен біздің жыл санауымызша (б.ж) 5-ғасырлар арасында жазылған Рим құқығы бүгінгі таңдағы азаматтық құқығының негізгі десек дұрыс болар. Рим құқығында мұрагерлер, заң немесе өсиет бойынша мұрагер болған. Осылайша, Рим құқығында өсиет бойынша мұрагерлік болған жерде заңды мұрагерлікке жол бермеген [2, 28 б.]. Бұл құқықта да өсиеттің нысаны ашық түрде болғандықтан мұра қалдырушы халық алдына шығып өсиетін жариялаған.

Біздің жыл санауымызша 6-шы ғасыр мен 14-ші ғасырлар арасындағы феодалдық кезеңде мұрагерлік құқығы айтарлықтай даму көрсетпеген. Бұл кезеңде жерге қатты негіз бергендіктен, жерді мұрагерлер арасында бөлмеген, майорат жүйесі (системасы) бойынша жерді ең үлкен ұлы иеленіп отырған. Мұнымен бірге діннің әсерінен мұрагерлер арасында теңдік болмаған, әйелдердің құқығы еркектерден азырақ болған [3, 355].

Өсиет бойынша мұрагерлік Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1046-бабына сәйкес: азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады. Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады. Өсиетті өзі жасауға тиіс. Өкіл арқылы өсиет жасауға жол берілмейді. Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Егер өсиеттен өзгеше туындамаса, заң бойынша мұрагерді мұрадан айыру оның ұсынылу құқығы бойынша мұрагерлік етуші ұрпақтарына

қолданылмайды. Мұра қалдырушы кез келген мүлік туралы өкімді қамтитын өсиет жасауға құқылы. Мұра қалдырушы жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге ерікті және күшін жоюдың немесе өзгертудің себебін көрсетуге міндетті емес.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1060-бабына сәйкес заңды мұрагерлік:

1. Заң бойынша мұрагерлер Азаматтық кодекстің 1061, 1066-баптарында көзделген кезек тәртібімен мұрагерлікке шақырылады.

2. Заң бойынша мұрагерлік кезінде, бір жағынан, асырап алынған және оның ұрпақтары және екінші жағынан, асырап алушы мен оның туыстары қандас туыстарға теңестіріледі.

3. Заң бойынша мұрагерлердің әрбір келесі кезегі алдыңғы кезектегі мұрагерлер болмаған, оларды мұрадан шеттеткен, олар мұраны қабылдамаған не одан бас тартқан жағдайда, осы кодекстің 1074-бабының 5-тармағында аталған жағдайларды қоспағанда, мұрагерлік құқығын алады.

4. Азаматтық кодекстің заң бойынша мұрагерлерді мұрагерлікке шақырудың кезектілігі туралы және олардың мұрадағы үлестерінің мөлшері туралы ережелері мүдделі мұрагерлердің мұра ашылғаннан кейін жасалып, нотариат куәландырған келісімімен өзгертілуі мүмкін. Мұндай келісім оған қатыспайтын мұрагерлердің, сондай-ақ міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлердің құқықтарын қозғамауы тиіс.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 1072-бабында көзделгендей, егер мұрагер кейін мұрадан бас тартпаса (осы кодекстің 1074-бабы), мұрагерлік құқығынан айырылмаса (Азаматтық кодекстің 1045-бабы) және оны мұрагер етіп тағайындау туралы өсиеттік өкімді жарамсыз деп танудың салдарынан мұрагерлік құқығын жоғалтпаса (Азаматтық кодекстің 1056-бабы), ол мұра ашылған уақыттан бастап өзіне тиесілі мұраға немесе оның бір бөлігіне (үлесіне) құқық алады.

Мұраға құқық туралы куәлік беру туралы Азаматтық кодекстің 1073-бабында былай делінген:

1. Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті.

2. Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі.

Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

Азаматтық кодекстің заң бойынша мұрагерді мұрагерлікке шақырудың кезектілігі туралы және олардың мұрадағы үлестерінің мөлшері туралы ережелері мүдделі мұрагерлердің мұра ашылғаннан кейін жасалған әрі нотариат куәландырған келісімімен өзгертілуі мүмкін. Алайда мұндай келісім оған қатыспайтын мұрагерлердің, сондай-ақ міндетті үлеске құқығы бар мұрагерлердің құқықтарына нұқсан келтірмеуі тиіс (Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 1060-бабы). Айтылғандарды жинақтай келе:

1) өсиет қалдырушының өсиет қалдырмауынан немесе өсиеттің жоқ болуы салдарынан.

2) мұрагер өсиетте көрсетілген мұрадан бас тартса немесе қабылдамаса;

3) өсиет бойынша мұрагер мұрагерліктен шеттетілсе, яғни ол лайықсыз мұрагер деп танылса;

4) өсиетте мүліктің бір бөлігі ғана өсиет етілсе;

5) өсиет ішінара немесе толығымен дұрыс болмаса;

6) мұра қалдырушы өсиет қалдырмас бұрын мұрагері қайтыс болса, заңды мұрагерліктің келесі жағдайларда пайда болатынын анықтауға болады.

Іс жүзінде заңды мұрагерлік өсиет бойынша мұрагерліктің балама түрі болып табылады. Оның өсиет бойынша мұра қалдырудан айырмашылығы сонда, өсиет бойынша

мұрагерлікте мұрагерлерді тану және олардың өзара мүлікті бөлісу тәртібін өсиет қалдырушы белгілейді. Ал заңды мұрагерлік негізінде пайда болатын мұрагерлік құқық заңда белгіленген тәртіпке сәйкес жүзеге асырылады.

Сондай-ақ мұрагер мен мұра қалдырушының туыстық қатынастары:

– АХАЖ органдарының куәлігімен;

– метркелік кітапшалардан алынған көшірмелер арқылы;

– туыстық қатынастар фактісін белгілеу туралы заңды күшіне енген сот шешімімен анықталады.

Мұрагерлік кезек тәртібі Азаматтық кодекстің баптарына сәйкес жүзеге асырылады. Заң бойынша мұрагерлердің бірінші кезегімен мұраны мұра қалдырушының балалары, ол қайтыс болғаннан кейінгі кезде көзі тірі болған балалары, сондай-ақ мұра қалдырушының жұбайы мен ата-анасы тең үлеспен алады. Негізінен, мұрагерлік мүлік мұра қалдырушының жақын туыстарына ауысады. Мұра қалдырушының жақын туыстары деп, мұра қалдырушының балаларын, жұбайы, ата-анасы, асырап алушылары, асырап алған балалары, әкешесі бір және әке-шешесі бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (аға-қарындастары), ата-әже, немерелерін айтады. Көріп отырғанымыздай, мұра қалдырушының балалары бірінші кезекке еніп отыр. Егер ата-ананың некесі заңды деп танылса, онда балалары әкесінің және шешесінің, заңды мұрагері болып есептеледі. Заңсыз некеден туылған балалар шешесінің (егер іс-әрекеттері заңға қайшы келмесе) мұрагері бола алады. Ал әкесінің мұрагері деп, егер ата-анасының бірге жазған арызы негізінде неке органынан немесе әке болуды тану фактісі сотта дәлелденген ретте ғана танылады.

### Әдебиеттер

1 Қазақстан Республикасының 1-Конституциясы. 1995. – 30 тамыз өзгеріс және 2007 21 майының толықтыруларларымен. Алматы: Заңгер, 2007.

2 Қазақстан Республикасының азаматтық кодексінің өзгеріспен және толықтыруларлармен 1995 г. 31 тамызынан, 2007 г. 7 тамызының "Заңгер" деген баспа 2007 г. Алматы.

3 Басин Ю.Г. Азаматтық құқығы. – Алматы: Заңгер, 2000.

4 Диденко А.Г. Азаматтық құқығы. Ортақ бөлік. Дәрістің курсы. "Нұр – тығыздауыш". – Алматы, 2006.

5 Чигир В.Ф. Физикалық және заңды бет сияқты азаматтық құқығының субъекттері. – Минск, 2000.

6 Азаматтық құқығы: оқулық. Ч. II / ред. астына А.П. Сергеевтің, Ю.К. Толстого. М., 1997.

7 Азаматтың құқығының: бөлік екі. Міндеттеуші құқық: Отв дәрісінің/ курсы. ред. О.Н. Бақшалардың. М., 1997. С. 161.

8 Азаматтың құқығының. Оқулық. общ астына. ред. А. Г. Калпина. Ч. 2. М. – 1999 г. Юрист

### References

1 The constitution of the Republic of Kazakhstan of August 30, 1995. With changes and additions on May 21, 2007. Yurist publishing house of Almaty 2007.

2 Civil code of the Republic of Kazakhstan with changes and additions of August 31, 1995, on August 7, 2007. Yurist publishing house of Almaty 2007.

3 Basin Yu.G. civil law, Almaty, Lawyer, 2000

4 Didenko A.G. Civil law. General part. Course of lectures. "Nour – a press" – Almaty, 2006

5 V.F.Chigir. Physical and legal entities as subjects of civil law. Minsk, 2000.

6 Civil law: Textbook. H. II / Under the editorship of A.P.Sergeyeva, Yu.K.Tolstoy. M, 1997.

7 Civil law: Part second. Liability law: Course of lectures / Отв. edition O.N.Sadikov. M, 1997. Page 161.

8 Civil law. Textbook. under a general edition. And. Kolpino. H. 2 . М – Yurist of 1999.